



## БҮЙРЫҚ

2020 ж. 09.09

Балқаш қаласы

## ПРИКАЗ

№

110

город Балхаш

### Сыбайлас жемқорлық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және білім беру ұйымдарында ішкі тәртіп ережелерін бұзуға жол бермеу мақсатында **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Педагогикалық ұжымға және мектеп қызметкерлеріне:

1. Жөндеу жүргізуге, жиһаз, жабдық сатып алуға, үй-жайларды тазалауға, педагогикалық ұжымға сыйлықтарға, мерекелік іс-шаралар өткізуге және басқа да мақсаттарға ақшалай қаражатты мәжбүрлеп жинауға үзілді-кесілді тыйым салынсын;

2. Білім беру мекемесінің қабырғасында алдын алу бойынша тиімді шаралар қабылдансын:

- ойын-сауық іс-шараларына кітаптар, билеттер сату;
- концерттік бағдарламалар мен ертеңгіліктер өткізу үшін шақырылған актерлердің қызметтеріне ақы төлеуге қаражат жинау;
- ата-аналар мен оқушылардан ақшалай алымдар есебінен мерекелік күндерге сыйлықтар алу;
- мектепті мерекелік күндерге безендіруге қаражат жинау;
- оқу-тәрбие процесі кезінде коммерциялық құрылымдардың жарнамалық іс-шараларын өткізу (байланыс операторларының, тамақтандыру ұйымдарының жарнамасы және т.б.); - жалдау шарты жоқ коммерциялық құрылымдардың өнімдерін сату;
- оқушылардың бюджеттен қаржыландырылмайтын конкурстар мен интеллектуалды ойындарға қатысуы үшін ата-аналардан қаражат жинау;

3. Тәрбие жұмысын іске асыру шеңберінде өткізілетін оқушылардың мәдени - бұқаралық іс-шараларға қатысуына қаражат жинауды мектеп қызметкерлерінің қатысуынсыз (театрларға, көрмелерге, мұражайларға және т. б. бару) ерікті негізде ғана жүргізілсін.

4. Мұғалімдер, мектеп қызметкерлері және ата-аналар комитеті мүшелері арасында оқу орнының қажеттіліктеріне ақша қаражаттарын заңсыз жинау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

5. Ата-анасынан заңсыз ақша жинауға жол берген сынып жетекшілеріне, мұғалімдерге, мектеп қызметкерлеріне тиісті шаралар қабылдансын.


6. Ақша қаражатын заңсыз жинауға жол бермеу туралы бұйрық шығарылсын.

II. Осы бұйрықты орындамаған педагогтер мен мектеп қызметкерлеріне атқарып жүрген қызметінен босатуға дейінгі тәртіптік жаза шаралары қолданылсын.

III. Осы бұйрық білім беру ұйымының барлық қызметкерлеріне жеткізілсін.

IV. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



*С.Укпешова*

С.Укпешова



**КӨШІРМЕ  
ДҰРЫС**

*09.09.2020ж.*

*С.Укпешова*